

Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялау нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы әкімдігінің 2017 жылғы 27 маусымдағы № 37/04 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 шілдеде № 4290 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 2019 жылғы 8 қаңтардағы № 01/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 08.01.2019 № 01 /01 қаулысымен (ресми жарияланғаннан күннен бастап қолданысқа енеді).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11094 болып тіркелген) сәйкес, Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Төмендегі:

1) басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес;

2) басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қарағанды облысының әкімдігінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 54/03 "Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялау нормаларын бекіту туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3939 болып тіркелген, "Әділет"

ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 29 тамызда, 2016 жылғы 27 тамыздағы № 111 (22056) "Индустриальная Караганда" және 2016 жылғы 27 тамыздағы № 136-137 (22242) "Орталық Қазақстан" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қарағанды облысының әкімдігінің 2017 жылғы 15 маусымдағы № 36/01 "Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялау нормаларын бекіту туралы" қаулысы жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

5. Осы Қарағанды облысы әкімдігінің "Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялау нормаларын бекіту туралы" қаулысы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Е. Қошанов

Қарағанды облысының әкімдігінің
2017 жылғы "27" 06
№ 37/04 қаулысына
1-қосымша

Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі

№	
р/с	Басым дақылдардың атауы
1	Біржылдық шөптер (дәнді масақты дақылдарды қоспағанда)
2	Егістік алқаптарында және (немесе) шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шалғындандыру және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін бірінші жылы өсіп жатқан биылғы жылғы көктемде немесе өткен жылғы күзде егілген көпжылдық шөптер
3	Сүрлемге арналған жүгері
4	Сүрлемге арналған күнбағыс
5	Майлы дақылдар
6	Қорғалған топырақта өсірілген көкөніс дақылдары (өнеркәсіптік жылыжай кешендері)
7	Қорғалған топырақта өсірілген көкөніс дақылдары (фермерлік жылыжайлар)

Қарағанды облысының әкімдігінің
2017 жылғы "27" 06
№ 37/04 қаулысына
2-қосымша

Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары

№ р/ с	Басым дақылдардың атауы	1 гектарға және (немесе) 1 тоннаға арналған субсидия нормалары, тенге
1	Біржылдық шөптер (масақты дәні дақылдардан басқа)	8 000
2	Егістік алқаптарында және (немесе) шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шалғындандыру және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін бірінші жылы өсіп жатқан биылғы жылғы көктемде немесе өткен жылғы күзде егілген көпжылдық шөптер	10 000
3	Сүрлемге арналған жүгері	8 000
4	Сүрлемге арналған күнбағыс	8 000
5	Майлы дақылдар	8 000
6	Қорғалған топырақта өсірілген көкөніс дақылдары (өнеркәсіптік жылыжай кешендері)	4 000 000
7	Қорғалған топырақта өсірілген көкөніс дақылдары (фермерлік жылыжайлар)	2 000 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК